

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AZJX7635>

***А. А. Муса-Ахунов¹, Қ. Ө. Есенова²**

^{1,2}Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ДҮНГЕН МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТАҒАМ АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Мақалада қазақ және дүнген мақал-мәтелдеріне салғастырмалы түрде лингвомәдени талдау жүргізіледі. Лингвомәдени бірліктерге талдау жасау барысында қазақ және дүнген халқы мәдениетінің сабақтастығы мен өзіндік этникалық ерекшеліктеріне назар аударылады. Дүнген ұлттық тағам дайындау мәдениетіне қатысты мақал-мәтелдерге лингвомәдени талдау жүргізіліп, қазақ халқының ас-тағам дәстүрінен эквивалент болатын атаулар, әдет-ғұрып үлгілері келтіріледі. Этностық ерекшелік пен өзгешелікті халықтың заттық мәдениеті, оның ішінде тұрмыстық мәдениеті жан-жақты танытады. Дүнген ұлтының гасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымы, наным-сенімі, әлеуметтік көзқарасы, салт-дәстүр, ырым-тыйымдар жиынтығы халықтың күнделікті тұрмысын бейнелейтін мақал-мәтелдердің бойында көрініс тапты. Олардың ішінен, әсіресе, ас-тағам дайындау ерекшелігі мен оған байланысты әдет-ғұрып үлгілерін сипаттайтын мақал-мәтелдерді ажыратамыз. Дүнген ұлттық тағам дайындау дәстүрі қытай мәдениетінің жалғасы бола тұра, ислам дінінің ықпалы тиген өзіндік сипатқа ие болды. Дүнген тағамы азық-түлік таңдаудан бастап тағам дәстүріндегі тыйымдар, этика-эстетикалық нормалармен ерекшеленеді. Дүнген тіліндегі лингвомәдени бірліктерге талдау жасау барысында қазақ халқының салт-дәстүрінде кездесетін бірдей, ұқсас элементтермен салыстырылады. Сонымен қатар дүнген ұлтының этникалық ерекшелігін танытатын, әдет-ғұрпынан хабардар ететін мақал-мәтел үлгілері де берілген. Қазақ және дүнген халқының рухани сабақтастығының бір саласы – ас-тағам мәдениеті, оған қатысты екі ұлтқа ортақ және ұқсас әдет-ғұрыптар екеніне көз жеткізілді.

Кілтті сөздер: лингвомәдениеттану, ас-тағам мәдениеті, дүнген мақал-мәтелдері, рухани сабақтастық, этникалық ерекшелік.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде әлем халықтарының рухани, мәдени дербестігін сақтау өзекті мәселе болып табылады. Мәдениеттер қоғамның әртүрлі саласында қарым-қатынасқа түсіп, мәдени, рухани ықпалға ұшырайды. Қазақстан Республикасында 130 астам ұлт пен этнос өкілдері тұратыны белгілі. Сондықтан еліміздегі этносаралық, конфессияаралық, діни және ұлтаралық бейбітшілікті, келісімді сақтау мемлекетіміздің басты мақсаты екені талас тудырмайды. Елімізде тұратын осынша көп этнос өкілдері бір тудың, мақсат-мүдденің астында бірігіп, топтасып, мемлекеттің даму жолында еңбек етіп, қызмет жасайды. Ұлтаралық, этносаралық бірлік орнауының кепілдігі – ұлттардың мәдени сабақтастығын анықтау, ашу және көпшілікке таныту. Себебі бір шаңырақтың астында ұзақ уақыт бойы тату-тәтті өмір сүру барысында ортақ мәдени, рухани құндылықтар қалыптасады. Дүнген этносы 140 жылдан астам уақыт бойы қазақ елінде өмір сүріп келеді. Күнделікті өмірде тығыз тұрмыстық, шаруашылық, туыстық қарым-қатынаста жасасып келеді. Тілі бөлек, ділі бөлек екі ұлттың осынша жақын қарым-қатынасының себебін ислам дінінен іздеуіміз қажет. Түр-түсі, тілі бөлек бола тұра, тұрмыстық, рухани тұрғыдан аса жақын араласатын екі ұлттың мәдени сабақтастығының ең негізгі алғышарты – ортақ діннің болуы. Сонымен қатар қазақ және дүнген халықтарының өзіндік ұлттық ерекшелігін танытатын дүниетанымы, салт-дәстүрінде кездесетін наным-сенімдердің ұқсастығы да маңызды орынға ие. Аталмыш мәдени сабақтастықты дәлелдеп, этникалық ерекшелікті таныту үшін дүнген және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдеріне лингвомәдени тұрғыдан талдау жасалды. Ө. Т. Қайдаров фразеологизм және мақал-мәтелдердің табиғатына: «... бүгінгі фразеологизм, ММ деп жүрген тұрақты тілдік бірліктердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шауашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан тілдегі көрінісі», – деп баға береді [1, 45 б.]. Демек, аталмыш лингвомәдени бірліктер өз бойына ұлттың тек өзіне ғана тән этникалық қасиеттерді мол жинайды.

Дүнген халқының этномәдени сипатын танытатын лингвомәдени бірліктердің ішінен ұлттық тағам дәстүріне қатысты атаулар туралы ерекше айтып өту қажет. Дүнген мәдениетіндегі тағам дайындау дәстүрі ММ мен фразеологиялық бірліктерден көрініс тапты. Ас мәдениетінде кездесетін наным-сенім, жол-жоралғылардың қайнар көзі өте тереңде жатыр. Сондықтан заттық мәдениетке жататын аталмыш атаулар дүнген этносының ой-өрісі, наным-сенім, дүниеге көзқарас ерекшелігін танытады. Осы ойымызды Н. Уэлидің: «Әр халық дүние алуандылығын өз таным-түсінігінше

таптастырып, топтастырады, дүниенің үзіктерін өздерінше атайды», – дегені дәлелдей түседі [2, 51 б].

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жұмысын жазу барысында қазақ және дүнген тілдеріндегі тағам атауларына қатысты фразеологиялық тіркестер іріктеліп алынды. Дүнген тіліндегі фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің көбісі осы күнге дейін жарияланбаған, жеке қолжазба қорынан алынған. Лингвомәдени бірліктерге мәдени, ұлттық ақпарат көзі тұрғысынан талдау жүргізіліп, топтау, жинақтау, салыстыру, лингвомәдени анализ, салғастырмалы талдау секілді әдіс түрлері қолданылған.

Нәтижелері және талқылау

Дүнген тағам дайындау дәстүрінің тамыры қытай мәдениетінен бастау алса, ислам дінінің ықпалымен өзгерді, түрленді. Үйреншікті азық таңдау, мал, құс сою әдеттеріне өзгерістер енді. Тамақ ішу тәртібі, дастарқан алдында сақталатын ереже, қонақ күту дәстүрі өзгеріске ұшырады. Дүнген тілінде адам бойындағы қасиетті, қоршаған ортаға қатынасты білдіретін ас мәдениетінің атаулары бар. Бұл атаулар фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында сақталған. Мақал-мәтелдердің бұл қасиеті жайлы ғалым Р. Жүсіпова: «ММ-дер – сөздік құрамның халық өміріндегі әр қилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұтымды жеткізетін, қысқа әрі нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі», – дейді [3, 7 б.]. Дүнген тағам мәдениетінде астың қасиеті алуан түрлі болып келеді. Мәселен,

Нан тьян, дун хан, ши суан, бый ла

(Оңтүстік тәтті, шығыс тұзды, батыс ащы (қышқылды), солтүстік ащты).

Әр аймақтың дәмі бөлек.

Берілген мәтел Қытай елінің төрт бұрышында дайындалатын тағам дәмінің ерекшеліктерін көрсетіп тұр. Бұл заңдылық дүнген тағамдарына да қатысты. Ал мағынан жағынан бұл мәтел, әдетте, тұрмыс құрған қызға тәрбиелік мәнде айтылады. Дүнген отбасылық дәстүрінде әр ана қызына тұрмысқа шыққан соң болашақ үйдің өзіндік талғамы бар, соған үйрену қажет деген өсиетті кішкентайынан айтады. Себебі жаңа түскен келіннің үй шаруасындағы қабілеті, тамақ дайындау шеберлігі жаңа отбасындағы абыройын белгілеуде өте маңызды рөл атқарады. Мәселен,

Чё нур фә хуа бу чүә лүн. Чё цифур хуә мян бу жсан пын

(Ақылды қыз көршісімен әдепті сөйлейді, қабілетті келіннің қамыры ыдысқа жабыспайды)

Жақсы қатын белгісі – былғары қылар теріні.

Қазақ мәдениетінің ас мәзірі өте бай, әр алуан келетіні белгілі. Тамақ, негізінен, еттен жасалып, ет тағамдарының саны жағынан әлемде оған тең келетін халық кемде-кем. Тамақ дайындау өнеріне жастайынан үйретіп, шеберлік анадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Қазақ халқының тұрмыстық мәдениетін барлық саласында тері, былғары кеңінен пайдаланылады, сол ежелден қалыптасқан өңдеу технологиялары қалыптасты. Мал терісін өңдеп, алуан түрлі киім, киіз үй жиһаздары, ат-әбзелдерін дайындауда және т.б. салаларда қолданылады. Міне, аталмыш шаруа қолынан келетін әйел адам, нағыз шебер болып есептеледі. Жоғарыда берілген қазақ тіліндегі мақалда бұл мәселе қозғалады.

Дүнген тамақ дәстүрі – қытай ас мәдениетінің мұрагері, әрі ислам дінінің қатаң талаптарынан екшеленіп өтті. Бірінші талабы – тамақ «адал» болуы тиіс. Оның құрамында адал малдың еті болып, адал жолмен сойылуы қажет. Оған қоса қытай тамақтарында пайдаланып жүрген шыбын-шіркей, бауырымен жорғалаушылардың еті кездеспейді. Ал әр алуан шөп пен дәмдеуіштер, тұздықтар, қамырды дайындаудың түрлі жолдары, ащылы-тұщылы ерекшеліктері де толықтай сақталған. Орта Азия аумағында тұратын дүнген этносы өкілдерінің тамақ дайындауында өзгешеліктер де бар. Аталмыш тағам дайындау дәстүрі мен азық-түлік ерекшеліктері ММ, фразеологиялық тіркестердің бойында көрініс тапқан.

Сыйжяди гуә быйдини, сыйжяди гуә хидини (Бір үйде қазан ақ, екіншісінде қара болады).

Арам тамақ ас болмайды. Арам – ауыр, ақ – жеңіл.

Қазақ және дүнген халқының этномәдени сабақтастығының қайнар көзі – ислам діні. Ислам діні бойынша адамға арам жолмен табылған, арам жолмен сойылған, арам мал пайдалануға тыйым салынады. Екі мәдениетте бұл мәселеге қатысты көзқарас бірдей екенін айтып өту қажет.

Чылы чинцэ, яницү гуан зуә, чылы сы жсю, чу суан вый гу вә

(Балдыркөк (селдерей) және күнзе (кориандр) жеген мемлекеттік қызмет жасайды, өлі жұсай мен сасық сарымсақ жеген далада итпен бірге ұйықтайды).

Ит те киімге қарап үреді.

Келтірілген мысалда ауыздан жағымсыз иіс келтіретін көкөністерді мезгіліне, тәулік кезеңіне қарай тұтыну қажет деген ой айтылады. Сондықтан балдыркөк пен күнзе сияқты жұпар иісті өсімдіктерді жеген адам шенеунік болады да, шіріген, бұзылған жұсай мен бұзылған сасық сарымсақты жеген үйге кірмей, далада итпен жатады деп айтылады. Берілген мақалдың өзектілігін ислам дінінің әдеп нормасы да арттыра түсті. Себебі ислам діні бойынша мешітке сарымсақ пен пияз жеп, ауыздағы жағымсыз иіспен бару әдепсіздік, мәдениетсіздік деп танылады. Оған қоса халықтың арасында

жұмыс күнінің басында сарымсақ пен пияз жеу әдепсіздік болып есептеледі. Себебі күні бойы жұмыс барысымен көптеген адамдармен кездесіп, теріс көзқарас қалыптасуы мүмкін. Мәдениеттіліктің бұл қырында да қазақ және дүнген түсінігі сабақтасады. Жоғарыда аталған тыйым қазақ ұлттық әдеп нормаларына да жатады.

Дүнген ас мәдениетінде алуан түрлі өсімдік пайдаланылып, көптеген дәмдеуіш, тұздықтар дайындалатынын жоғарыда атап өттік. Енді ғасырлар бойы жиналатын ММ бойында өмір шындығы, адам мінезі мен әрекетін сипаттауда осы мәдени бірліктердің кездеспеуі мүмкін емес. Халық күнделікті тіршілігінде кездесетін зат-бұйым, тағам түрлері мен ас дайындауда қолданылатын азық-түлік қасиетіне көп көңіл бөлген. Нәтижесінде ас мәдениетіне қатысты атаулар адамдың түрлі мінез-құлқын, әрекеті мен жеке қасиеттерінен, әдет-ғұрып түрлерін сипаттау үшін тілде сақталды. Осы орайда Айбарша Ислам былай дейді: «Тіл мәдениеттің ажырамас құрамдас бір бөлігі, әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады. Яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлер жиынтығы, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс тапқан» [4, 22 б.].

Қазақ тіліндегі *«соға берсең еселеп табағыңа, уға айналар құдайдың тамағы да»* мақалының тәрбиелік мәні зор. Яғни, тамақты көп жеуге болмайды, адам ағзасына зиян екенін халық біледі. Осы оймен сабақтас дүнген тілінде *«жын вәди вәбусы, нын жонсы»* (адам аштықтан бөлек, күпті болғаннан (көп жегеннен) өледі) мақалы бар. Ендеше, тамақтануға байланысты асыра көп ас ішуге қазақ және дүнген халқы қарсы екен. Бұл ойы жоғарыда келтірілген мысалдардан белгілі болды.

Лингвомәдениеттануда салғастырмалы әдіс пайдалану өте тиімді. Бұндай талдаулар қарастырылатын екі халықтың ой-өрісін, ақиқат дүниеге қатынасын жан-жақты ашуға көмегін тигізеді. Осы ойымызды М. Б. Ибраеваның: «Тілдерді салғастыру барысында ұлттық-мәдени ерекшеліктер барлық деңгейде, әсіресе тіл мен мәдениеттің байланысы лексикалық қабаттан анық көрінеді», – деген ойы нақтылай түседі [5, 40 б.].

Жын ё жұн щин, хуә ё кун щин (Адамға адал жүрек (серік) қажет, отқа оттың жүрегі (оттегі) қажет)

От жанбағы көріктен

Ошаққа от жағу кезінде оттың тез жануы үшін ошақты оттегімен қамтамасыз ету керек екені белгілі. Ал жанып тұрған отынның астыңғы жағына жанып тұрған шоқты шамалы шетке ысырып, оттегінің кіруіне арнайы жасалған тесік дүнген тілінде «оттың жүрегі» деп аталады. Дүнген халқының тұрмыстық мәдениетінде қыз бала болсын, ұл бала болсын от жаға білуі қажет. Ал тас ошақ пен қазандық секілді ошақтың ішіне от жағу оңай емес. Сол себептен балаға «оттың жүрегін» тауып, жасау арқылы от жағуды

үйретеді. Қазақ тіліндені эквивалентке келетін болсақ, қазақ тіліндегі «көрік» – зергер, ұстаның темірді қыздырып балқыту жұмыстарында пайдаланатын, отқа жел беріп тұратын құралы. Н. Уәли «Фразеология және тілдік норма» атты еңбегінде мынандай мысал келтіреді: «Ұста дүкеніне кірген кісі келген шаруасын айтпас бұрын «Көрігің желді болсын, көлігің жемді болсын», – деп амандасады» [6, 18 б.]. Жоғарыда берілген мақалдан қазақ халқы ежелден зергерлікпен айналысып, металл өңдеуді білген, әрі осы кәсібінде қажетті құрал саймандары болғанын байқауға болады. Міне, әр жұмыстың ыңғайын таба білу қажет деген ойды білдіру үшін қазақ және дүнген халқы өз тұрмыс-тіршілігіне таныс, жақын тұрмыстық ортаның элементтерімен жеткізеді. Осы тұста С. Айтқазы: «Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігенн хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі, бұл тілдік бірліктер – бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерінің айнасы», – деп жазады [7, 25 б.].

Бан хұ сын щёнишын, ман хұ бу чў шын (Жарты шәйнек қатты шуылдайды, толған шәйнектің шуы шықпайды).

Бос ыдыстың дыбысы жуан.

Білімді адам орынсыз дауға көп араласпай, бос сөйлемейді, ал қызбалыққа салынып, жағдайға қарамай, сапырып сөйлей беретін, алды-артына қарамай айқайлап дауласа беретін адам халық мәдениетсіз, сауатсыз деп таниды. Адам мінезінің бұл қырын толық және суы жарты шәйнек қайнағанда шығатын шумен салыстырып көрсетеді. Соңғы берілген мысалға «*Кун чәди щёнишын да*» (Бос арба қаттырақ даңғырлайды) мақалын да келтірсек болады. Сонымен, қазақ халқының қонақжайлылығын танытатын «нан ауыз тию» және дүнген мәдениетінде «бір пиалай шай ішу» секілді тұрақты тіркестер осы екі ұлттың дәстүріндегі қонаққа деген асқан құрметті көрсетеді.

Қытай ас мәдениетінен дүние жүзіне таралған ежелгі сусын – шай. Шай – ислам дінінің талаптарына қайшы келмейтін өсімдік болғандықтан, дүнген ас мәзірінде шай ерекше орынға ие болды. Бұл дәстүр дүнген мәдениетінде жалғасын тапты. Шай ішу мен шайға қатысты ырым-тыйымдар дүнген мәдениетінде көп кездеседі. Мәселен, шайді аз-аздап құю – қонаққа деген сый-құрмет белгісі. Үйге қонақ келсе, шәйнекке суды аз құйып шайды жылдам қайнатып дайындауға тырысады. Бұған қатысты қазақ тілінде «*қонақ қадірлі болса, қазан тез қайнайды*» мақалы қолданылады. Ал дүнген қонақ күту дәстүрінде тез қайнайтын шәйнек. Қазақ отбасында қонаққа сый көрсетудің белгісі ретінде ет асып, тамақтың жылдам пісуін қадағалауға тырысса, дүнген түсінігінде қонаққа деген қадір-қасиет белгісі тез қайнаған шай екенін көруімізге болады. Шай құйғанда оң қолмен құю, сол қолмен

шәйнектің қақпағын ұстап тұру қажет. Шәйнек қақпағын ұстау практикалық қажеттіліктен туғанмен, уақыт өте келе қонаққа деген асқан құрметтің, қонақжайлылықтың символына айналды. Осы тұрғыда А. С. Кондубаева: «Тілдік бірліктер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады», – деп жазады [8, 42 б.].

Қазақ халқының қонақ күту дәстүрінде «нан ауыз тию» дәстүріне сәйкес келетін дүнген мәдениетінде «*хә йи жсұнзы ца*» (бір пиалай шай ішіңіз) тіркесі бар. Яғни үйге келген адам сол үйден бір кесе болса да шай ішіп кетуі тиіс. «*Нан ауыз тию*» және «*бір пиалай шай ішу*» – қонаққа, дастарқанға, үй иесіне деген құрмет, ықыласты көзқарасты көрсетеді. Бұған қатысты А. Қ. Сейілхан: «Ұлттық болмысты бейнелейтін кез келген атаудың, ғылыми терминдермен айтқанда, этнографизмдердің бойында жұрт тіршілігінің көрінісі, этнографиялық байлықтың, рухани өмір-тіршіліктің құпиясы сақталған», – деп жазады [9, 23 б.].

Ю луди бу да шон мынди ки (Тәрбиелі адам қонақты үйден шығармайды).

Қонағын сыйласа, төрге шық дейді.

Қазақтың ұлттық мәдениетін өзге ұлттардан ерекшелеп тұратын, талай елдерден келген туристердің таңдайын қақтыратын салты – қонақжайлық. Қонаққа деген көзқарас, қарым-қатынас, сый-құрмет көрсету қазақ және дүнген ұлттық мәдениетінде сабақтас, үндес болып келеді. Қазақта қонақ құт, берекемен салыстырылса, дүнген мәдениетінде «фынхуон» (феникс) құсымен қатар қойылады. Мысалы:

Ки би фынхуон, жсұ би сан, лэлэ – вонвон цы чұ кан (Қонақ – феникс, үй иесі – тау. Әр келген сайын құрмет көрсету қажет).

Қонақ келсе, құт келер

«Фынхуон» – қытай мифологиясындағы «фэнхуан» құсының дүнгенше атауы. Аталмыш мифологиялық құс гректің «фениксіне» ұқсайды, яғни, күн, жылулық, жаздың, жарықтың символы ретінде қабылданады. Ғалым А. М. Решетов: «Қытай мифологиясында феникс – бақыт пен берекенің хабаршысы, со себепті оны жұрт әрдайым асыға күтеді», – деп жазады [10, 289 б.]. Қазақ және дүнген мәдениетінде қонақ пен қонақжайлылыққа қатысты этникалық таным, сенім мен көзқарас ұқсастығын көрсету үшін бірнеше мысал келтірейік.

Ки бу ли хуэ, хуэ бу ли ки (қонақ оттан ажырамайды, от қонақтан ажырамайды)

Қонақ ырыздығымен келеді.

*Киди мир, жұрди дұр (Қонақ үшін, иесінің асқазаны үшін)
Қонағы көп үйдің баласы тоқ.*

*«Ки чи, жәур – ба, жәуржя хан ё да цы жсян» (қонақ келді – иесінің байлығы, оларды дұрыс күту қажет)
Қонақ келсе құт келер.*

*Ки лэли – йи ван (Қонақ келсе, кесе ұсын)
Мейман есіктен кірсе, тоқтатпа.*

Демек, екі тілде кездесетін ММ бойынан қонағы бар үйдің ошағы өшпейді, қазаны ошағынан түспейді, үйде құт, береке болады деген сенімді көреміз.

Дүнген қонақ күту дәстүрінде мейман шай ішіп болып, кететінін білдіру үшін шай кесесін аударып қояды немесе үстін алақанымен жауып, кетуге жиналатындығын көрсетеді. Бұл салт мақалдың бойынан көрініс тапты. Мәселен,

Лэли – жешонгэ ван, зули кушонгэ ван (келсең ұсынған кесені ал, кетіп жатсаң, кесені аударып қой).

«Кел» демек бар, «кет» демек жоқ

Ғалым С. Жиренов «Қазақ қолөнеріндегі лингвомәдени бірліктердің мазмұны» атты мақаласында: «Тілде сақталған көптеген ұлттық өнер түрлері атауларының астарында этнографиялық мән, лингвомәдени мазмұн жататындығы белгілі», – деп ой түйеді [11, 40 б.]. Бұл тұжырым ұлт мәдениетінің барлық саласына ортақ деп ойлаймыз. Себебі тағамға пайдаланылатын азық-түлікті таңдаудан бастап тамақтану әдебіне дейін созылатын тағам дәстүрінде өте көп әрі орасан зор мәдени мазмұнға ие наным-сенімдер, ырым үлгілері сақталған.

Мақал-мәтелдер – халықтың этномәдени сипаты, ұлттық дүниетанымы, ой-өрісі, таным-түсінігі, даналығы ең көп әрі таза түрінде сақталған, ұлттық нақышқа ең бай лингвомәдени бірлік. Мақал-мәтелдер – әр кезеңде қоғамда болған оқиғалар мен жайттар, әр заманда ұлт мәдениетінің өзгеруі мен түрленуінің, халық ой-түсінігінің куәсі, әрі ақиқат дүниеге деген адам қатынасының айнасы. Қайсыбір халықтың рухани ерекшелігін, ділі мен жан дүниесін, табиғат болмысын, табиғат заңдылықтарына, өмір шындығына көзқарасын мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестердің бойынан іздеуіміз қажет. Халықтың этникалық құндылықтар жүйесін іздейтін адам аталған фольклорлық үлгілерге жүгінуі тиіс. Қазақ және дүнген халықтары географиялық тұрғыда әр аймақта орналасып өмір сүрді, мәдени, саяси, экономикалық қарым-қатынасқа аса көп түскен жоқ. Қазақ халқы түркі тілдес халықтарға жатса, дүнген ұлты қытай елінің аумағында, әрі қытай

мәдениетінің негізінде қалыптасты. Дегенмен бүгінгі қытай мәдениеті мен дүнген ұлтының арасын бөліп тұрған ислам діні. Ислам діні дүнген халқының наным-сеніміне ғана өзгеріс енгізбей, рухани-мәдени, тұрмыстық сипатының өзгеруіне де әжептеуір ықпал етті. Дәл осы өзгеріс дүнген ұлтының қазақ халқы арасында рухани, мәдени сабақтастығынаның қалыптасуына шешуші фактор болды. Қазақ және дүнген халқы мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестердің бойында екі халыққа ортақ сарын, сабақтас таным-түсінік, үндес наным-сенімді аңғаруымызға болады. Жаһандану дәуірінде, ұлт мен мәдениеттердің арасы жақын заманда, әлемдік мәдениеттердің тоғысу жағдайында мәдениетаралық қатынас тетіктерін көбейту қажет екені түсінікті. Бүгінгі күнде белгілі бір халықтың, ұлттың мәдениетімен таныстырудың нәтижелі жолдардың бірі – әлеуметтік желілер. Әсіресе «Youtube», «Instagram» және «TikTok» секілді ақпараттық платформаларда «тағам блогерлері» деп аталатын блогерлер ұлттық тағам ерекшеліктерін насихаттаудың тиімді құралы болып табылады. Аталмыш блогерлерге қажетті шынайы, ғылыми нақтыланған мәліметтер дайындау арқылы көпшілікке аса таныс емес ұлттардың мәдениетімен таныстыруға болады.

Қорытынды

Дүнген тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен ұлттық жол-жоралғы атауларының бойында халықтың наным-сенімі, тілегі, ұлттық дүниетаным, болмысы, ой-өрісі мен таным-түсінігі көрініс табады. Ұлттың этникалық болмысы халықтың ғасырлар бойы айналысып келе жатқан шаруашылығы, қоршаған орта туралы түйген ойлары, тұрмыстық тәжірибелері келешек ұрпаққа лингвомәдени бірліктер арқылы жеткізіледі. Қазақ және дүнген халқының заттық мәдениеті өзгеше болғанымен, лингвомәдени бірліктердің бойынан ұлттық, рухани сабақтастықты аңғаруға болады.

Дүнген халқының тамақ дайындау дәстүрінде кездесетін наным-сенімдер мен ырымдар ұлттың өзіне ғана тән ерекшелігін танытады. Қытайлық буддизм ықпалында болған ислам дінін ұстанған халықтың заттық және рухани мәдениеті қызығушылық танытады. Тілі басқа болғанымен дүнген және қазақ арасындағы ұлтаралық некелер көптеп кездеседі. Бұндай отбасылардың татулығы – рухани-мәдени сабақтастығының жемісі.

Бүгінгі күнде қазақ тілінен дүнген тіліне кірме сөздер қарқындап ене бастады. Соның нәтижесінде дүнген жастары қазақ тілін меңгеруге барынша бейімделді. Алайда ана тілін сақтау мәселесі күннен-күнге күрделене түсіп, өзектілігі артуда.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сейілхан, А.** Лингвомәдениеттанудың кейбір ұғымдары жайында [Текст] / А. Сейілхан // ҚР ҰҒА хабаршысы. Филология сер. – 2008. – 1 басылым. – 135–143 б.

2 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / Уәли Нұргелді. – Алматы, 2007. – 315 б.

3 **Жүсіпова, Р.** Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты: филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / Р. Жүсіпова. – Алматы, 2004. – 171 б.

4 **Айбарша, И.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / Ислам Айбарша. – Алматы, 2004. – 310 б.

5 **Ибраева, М.** Қазақ және ағылшын паремияның руханилық көрінісі : филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / М. Ибраева. – Алматы, 2010. – 144 бет.

6 **Уәли, Н.** Фразеология және тілдік норма: ЖОО арналған оқу құралы [Текст] / Уәли Нұргелді. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 бет.

7 **Айтқазы, С.** Түр-түс концентісінің лингвомәдени табиғаты (қазақ, ағылшын, қытай тілдеріндегі материалдар негізінде) : PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / С. Айтқазы. – Алматы, 2011. – 184 бет.

8 **Кондубаева, А. С.** Лингвомәдени таңбаланған лексиканың әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасуындағы рөлі (қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрмыстық лексика негізінде): PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / А. С. Кондубаева. – Алматы, 2014. – 155 б.

9 **Сейілхан, А.** Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні («Қыз Жібек» және «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырлары бойынша): филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация [Текст] / А. Сейілхан. – Алматы, 2001. – 175 бет.

10 **Решетов, А. М.** Фэнхуан (Феникс) в культурной традиции китайцев [Текст] / А. М. Решетов // Радловский сборник: научные исследования и музейные проекты МАЭ РАН в 2008 г. – СПб., 2008. – С. 298–300.

11 **Жиренов, С. А.** Қазіргі колөнердегі лингвомәдени бірліктердің мазмұны [Текст] / С. А. Жиренов, А. С. Сманова, Қ. М. Бекболатова// Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3. – 37–48 б.

References

1 **Sejilhan, A.** Lingvomádeniettanudyñ kejbir uǵymdary žajında [About some concepts of cultural linguistics] KR UGA habarshy`sy`. Filologiya seriyasy. – Almaty`, 2008. – № 1. – P. 135–143.

2 **Uǎli, N.** Qazaq sóz mádenietiniñ teorijalyq negizderi: Filologija ǵylymynyñ doktory ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Theory of culture of speech of the Kazakh language: Dissertation for the degree of Doctor of Philology]. – Almaty`, 2007. – 270 p.

3 **Žusipova, R.** Aǵylşyn žәне qazaq maqal-mätelderiniñ etnolingvistikalıyq sipaty: Filologija ǵylymynyñ kandidaty ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Ethnolinguistic nature of proverbs and sayings in English and Kazakh languages: Dissertation for the degree of candidate of philological sciences]. – Almaty`, 2004. – 171 p.

4 **Ajbarša, I.** Ultyq mádeniet kontekstindegi dunieniñ tildik sureti (salystymaly-salǵastymaly lindvomádeni saraptama): Filologija ǵylymynyñ doktory ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Linguistic worldview in the context of national culture (comparative linguocultural analysis): dissertation for the degree of Doctor of Philology]. – Almaty`, 2004. – 320 p.

5 **Ibraeva, M.** Qazaq žәне aǵylşyn paremijanyñ ruhanilyq kórinisi: Filologija ǵylymynyñ kandidaty ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Spiritual image of the pair of Kazakh and English languages: dissertation for the degree of candidate of philological sciences]. – Almaty`, 2010. – 144 p.

6 **Uǎli, N.** Frazеologija және tildik norma [Phraseology and language norm]. – Almaty`, Respublikaly`k baspa kabineti, 1998. – 128 p.

7 **Ajtkazy, S.** Tur-tus konceptisiniñ lingvomádeni tabıǵaty (qazaq, aǵylşyn, qytaj tilderindegi materialdar negizinde: PhD doktory ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Linguocultural nature of the color concept (Based on materials from Kazakh, English and Chinese languages): dissertation for the degree of doctor of philosophy (PhD)]. – Almaty`, 2011. – 184 p.

8 **Kondubaeva, A. S.** Lingvomádeni tañbalanǵan leksikanyñ álemnin tildik bejnesiniñ qalyptasuındaǵy róli (qazaq және aǵylşyn tilderindegi turmystyq leksika negizinde): PhD doktory ǵylymi dárežesin alu uşin dajyndalǵan dissertaczija [Role of linguoculturally manifested vocabulary in the formation of a linguistic picture

of the world (based on everyday vocabulary of Kazakh and English language): dissertation for the degree of doctor of philosophy (PhD)]. – Almaty, 2014. – 131 p.

9 **Sejilhan, A.** Qazaq tilindegi etnografizmderdii lingvomadeniettanyndyq māni («Kyz Žibek» jāne «Qozy Kōrpeš Bajan Sulu» žyrlary bojinša): filologija ğylymynyñ kandidaty ğylymi dārežesin alu ušin dajyndalğan dissertaczija. [Linguocultural significance of ethnographicisms in the Kazakh language (based on the epics of Kiz Zhibek and Kozy Korpesh Bayan Sulu): dissertation for the degree of candidate of philological sciences]. – Almaty, 2001. – 180 p.

10 **Rešetov, A. M.** Fenhuan (Feniks) v kulturnoj tradiczii kitajczev [Fenghuan (fanix) in the cultural tradition of the Chinese] // Radlovskij sbornik: nauchny`e issledovaniya i muzejny`e proekty` MAE` RAN v 2008 g. – Spb., 2008. – 300 p.

11 **Zhirenov, S. A.** Kazirgi kolonerdegi lingvomadeni birlikterdin mazmuny` [The essence of linguocultures in the modern national handicraft] / A. S. Smanova, K. M. Bekbolatova // Torajgy`rov universitetinin habarshy`sy`. Filologiya seriyasy`. – 2021. – № 3. – 37–48 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*А. А. Муса-Ахунов¹, К. О. Есенова²

^{1,2}Казахский национальный университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК, СВЯЗАННЫХ С НАЗВАНИЯМИ ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ В КАЗАХСКОЙ И ДУНГАНСКОЙ КУЛЬТУРАХ

В статье проводится лингвокультурный анализ пословиц и поговорок казахского и дунганского языков. В процессе анализа лингвокультурных единиц приводятся взаимосвязь и этническая особенность культур казахского и дунганского народов. Дается анализ пословиц и поговорок, отражающих дунганскую национальную кухню, приводя эквиваленты названий, обрядов и обычаи из казахской национальной кухни. Этническую особенность и специфику народа в наибольшей степени отражает материальная культура, в том числе повседневная культура этноса. Этническое мировоззрение, верования и убеждения, социальные взгляды, обычаи и традиции, поверья и запреты, сформировавшиеся веками, нашли отражение в пословицах и поговорках, описывающих повседневную жизнь. Из них стоит выделить пословицы и поговорки, которые передают

особенности культуры кухни, традиций приготовления пищи, применяемых продуктов и их качеств. Дунганская национальная кухня, являясь наследником китайской культуры питания, имеет свои национальные колориты, которые внесла исламская религия. Дунганская кухня выделяется традициями и запретами, начиная с выбора продуктов для приготовления пищи и правилами поведения за столом, этическими и эстетическими нормами. В процессе лингвокультурного анализа лингвокультурем осуществляется сопоставление со схожими, а иногда и одинаковыми элементами в казахской культуре. Даются примеры пословиц и поговорок, показывающие этническое своеобразие дунганского этноса. Одна из ветвей духовной взаимосвязи казахского и дунганского народов находится в культуре кухни и нормах поведения, устоях, правилах и этикетах поведения в культуре национальной кухни.

Ключевые слова: лингвокультурология, культура кухни, дунганские пословицы и поговорки, духовная взаимосвязь, этническая особенность.

**A. Mussa-Akhunov¹, K. O. Essenova²*

^{1,2}Abai University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Material received on 12.12.22.

LINGUOCULTURAL NATURE OF PROVERBS AND SAYINGS ASSOCIATED WITH THE NAMES OF FOOD PRODUCTS IN THE KAZAKH AND DUNGAN CULTURES

The article provides a linguistic and cultural analysis of proverbs and sayings of the Kazakh and Dungan languages. In the process of analyzing linguocultural units, given the relationship and ethnic peculiarity of the culture of the Kazakh and Dungan people. Analyzes proverbs and sayings reflecting the Dungan national cuisine, giving equivalents of names, rituals and customs from the Kazakh national cuisine. The ethnic identity and specificity of the people is most reflected in the material culture, including the daily culture of the ethnic group. Ethnic worldview, beliefs and beliefs, social views, customs and traditions, beliefs and prohibitions formed over the centuries are reflected in proverbs and sayings describing everyday life. Of these, it is worth paying attention to proverbs and sayings that convey the peculiarities of the culture of the kitchen, the traditions of cooking, the products used and their qualities. Dungan national cuisine, being

the heir to the Chinese food culture, has its own national colors, which were introduced by the Islamic religion. Dungan cuisine stands out for its traditions and prohibitions, starting with the choice of food for cooking and the rules of behavior at the table, ethical and aesthetic standards. In the process of linguocultural analysis, linguoculture compares with similar and sometimes identical elements in Kazakh culture. Give examples of proverbs and sayings showing the ethnic originality of the Dungan ethnos. One of the branches of the spiritual relationship of the Kazakh and Dungan people is in the culture of cuisine and norms of behavior, foundations, rules and etiquette of behavior in the culture of national cuisine.

Keywords: cultural linguistics, cuisine culture, Dungan proverbs and sayings, spiritual relationship, ethnicity.

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz